

**"Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 8 маусымдағы № 5546 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 06 ақпандағы № 6989 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 ақпанда № 5735 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 23 шілдедегі № 11541/2 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 23.07.2018 № 11541/2 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 8 маусымдағы № 5546 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5538 тіркелген, "Ақмешіт ақшамы" газетінде 2016 жылғы 22 маусымда № 46-47, "Қызылорда Таймс" газетінде 2016 жылғы 22-28 маусымда № 27, "Әділет ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 29 маусымда жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 1-тармағының 1) тармақшасы алып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда қаласының әкімі*

*Н. Нәлібаев*